

**Тақырып.  
Негізгі құралдар мен МЕА есепке алу  
тәртібі  
Оралбаева Ж.З.**



**8-апта**

- **Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі**

# Қарастырылатын сұрақтар:

1. **НҚ: түсінігі, түрлері**
2. **НҚ есепке алу**
3. **НҚ есептен шығару**
4. **НҚ амортизациясы**
5. **НҚ түгендеу (семинар сабағына дайындалу)**

# 1. НҚ: түсінігі, түрлері, тану

- Негізгі құралдар:
  - өндірісте қолдану намеси тауарларды намеси қызметтерді жеткізу үшін, басқа тұлғаларға жалға беру үшін намеси әкімшілік үшін ұсталады;
  - күтілгендей, бір жылдан астам уақыт ішінде қолданылатын материалды объектілер.

# Мемлекеттік мекемеге қатысты негізгі құралдарға жататындар:

- мәдени мұра активтері;
- арнайы әскери жабдық;
- инфрақұрылым активтері;
- жылжымайтын мүліктерге, ғимараттарға және ауылшаруашылық қызметіне қатысы бар биологиялық активтерді дамытуға намеси қамтамасыз етуге пайдаланылатын жабдықтарға және минералды ресурстарды, мұнайды, табиғи газды және ұқсас қалпына келтірілмейтін табиғи қорларды әзірлеуге құқықтар;

- инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде келешекте қолдануға салынып намеси қайта жаңартылатын, бірақ "инвестициялық жылжымайтын мүлік" анықтамасына жауап бермейтін жылжымайтын мүлік;
- жұмысқа жарамды мал;
- мемлекеттік мекеме бір кезеңнен астам уақыт ішінде қолдануды жоспарлаған қосалқы бөлшектерге және резервтік жабдыққа, сондай-ақ егер қосалқы бөлшектер мен көмекші жабдықтар тек негізгі құралдардың объектілері

- Негізгі құралдар ретінде мемлекеттік мекеме үшін оларды қолдану тікелей экономикалық пайда әкелмейтін, бірақ басқа объектілерді (қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғауын қамтамасыз ету үшін сатып алынатын негізгі құралдар) қолданудан пайда алу үшін қажет объектілер танылады.
- Резервтік жабдықтаудың және негізгі құралдар бір кезеңнен астам уақыт ішінде қолданылатыны күтілетін қосалқы бөлшектері, сондай-ақ тек негізгі қаражаттардың объектілеріне байланысты қолданыла алатын қосалқы бөлшектер ескеріледі.

- Инфрақұрылымдық активтер төмендегі сипаттамалардың біреуі немесе бірнешеуі болған кезде негізгі құралдардың объектілері ретінде танылады:
  - жүйенің немесе желінің бөлігі болып табылады;
  - арнайы сипаты бар және баламалы қолданысы жоқ;
  - жылжымайтын болып табылады;
  - сатуға белгіленген шектеулер болады.
- Жолдардың желілері, кәріздеу жүйелері, су және электржабдықтаулар жүйелері және коммуникация желілері инфрақұрылымдық активтер болып табылады.



- Экономикалық пайданы тура көбейтпейтін, бірақ мұндай пайданы негізгі құралдардың басқа объектілерінен алу үшін қажет қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін активтер негізгі құралдардың объектісі ретінде танылады.

## 2. НҚ есепке алу

- Негізгі құралдардың бухгалтерлік есебі дұрыс құжатты ресімдеуді және мемлекеттік мекеме ішінде олардың ауысуының түсімі мен шығын есепке алу тіркелімдерінде уақытылы көрсетуді, сондай-ақ әрбір объектінің сақталуы мен дұрыс қолданылуын бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

- ММ-де негізгі құралдарды есепке алуға 2300 – "Негізгі құралдар" кіші бөлімі арналған

Шот	Қосалқы шот	Шоттар атауы
2300		Негізгі құралдар
2310		Жер (бюджеттен бөлінетін қаражаттың есебінен сатып алынған жердің кез-келген түрін, ормандарды, ішкі сулар мен пайдалы қазбалардың кен орындарын есепке алуға арналған)
2320		Ғимараттар (объектілердің функционалдық міндетіне байланысты адамдар немесе жануарлардың тұруына болатын, заттарды сақтауға болатын, ұстап тұратын және қоршап тұратын немесе біріктірілген (ұстап тұратын және қоршап тұратын) конструкциялар бойынша объекттің тұрақты негізінде салынған әрбір жеке тұрған ғимаратты есепке алу үшін арналған)
	2321	Тұрғын емес үй ғимараттары (басқару органдары, әлеуметтік-мәдени және басқа ұйымдар пайдаланатын өндірістік-шаруашылық мақсаттағы ғимараттар (оқу орындарының, ауруханалардың, емханалардың және амбулаториялардың, қариялар мен мүгедектерге арналған үйлердің, балалар мекемелерінің, кітапханалардың, клубтардың, мұражайлардың, ғылыми-зерттеу институттарының, шеберханалардың) және басқа да мемлекеттік мекемелердің ғимараттары есепке алынады)
	2322	Тұрғын үй ғимараттары (толығымен немесе қабине тұруға болатын мақсатқа арналған ғимараттар есепке алынады: толық немесе көбіне тұрғын үйге арналған ғимараттар (барлық пайдалы тұрғын және тұрғын емес алаңдардың 50%-нен кем болмайтын тұрғын бөлмелердің жалпы пайдалы алаңы);)

Шот	Қосалқы шот	Шоттар атауы
2330		Құрылыстар (су айдағыштар, стадиондар, бассейндер, жолдар, көпірлер, ескерткіштер, парктердің, саябақтардың, қоғамдық бақтардың қоршаулары және басқа құрылысты есепке алуға арналған)
2340		Беру құрылғылары (электрлік, жылу және механикалық қуаттарды тасымалдау құралдары, және де байланыс пен электр тарату (кабельді) желілері, тұтынушыларға дейін сұйық және газ тәрізді заттарды магистральдық құбырлар арқылы ауыстыруға арналған қуаттарды трансформациялау және беру үшін қажетті, барлық аралық құрылғылары бар трансмиссиялар мен құбырларды есепке алу үшін арналған;)
2350		Көлік құралдары (көшіруге арналған қозғалыс құралдарының барлық түрлерін есепке алу үшін арналған). Олар мынадай жеке топтарға бөлінеді: теміржол көлігінің жылжымалы құрамы; су және автомобиль көлігі; әуе көлігі; ат көлігі; өндіріс көлігі (электрокарлар, мотоциклдер, мотороллерлер, велосипедтер, қоларбалар мүгедектер арбасы және басқа өндіріс көлігі); спорт көлігінің барлық түрлері;

Шот	Қосалқы шот	Шоттар атауы
2360		Машиналар мен жабдықтар (қуат машиналары мен жабдықтарды, жұмыс машиналары мен жабдықтарды, өлшеу аспаптарын, реттеу аспаптары мен қондырғыларын, зертхана жабдықтарын, компьютерлік жабдықтарды, дәрігерлік жабдықтарды, кеңсе жабдықтарын, криминалистикалық жабдықтарды мынадай жеке топтарға бөлінген өзге машиналар мен жабдықтарын есепке алуға арналған)
2370		Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы (аспаптар, өндірістік және шаруашылық құралдарды есепке алу үшін арналған)

Шот	Қосалқы шот	Шоттар атауы
2380		Өзге негізгі құралдар
	2381	Мәдени мұра активтері (мұнда өзінің мәдени, экологиялық және тарихи мәніне байланысты мәдени мұра болатын активтер есепке алынады. Оларға тарихи ғимараттар мен монументтер, археологиялық қазба орындары, қорықтар мен табиғи қорғалатын аумақтар, өнер шығармалары, сондай-ақ құнына қарамастан мұражай құндылықтары жатқызылады;)
	2382	Кітапханалық қор (мұнда жекелеген кітаптардың құнына қарамастан кітапханалық қорлар есептеледі. Кітапханалық қорларға ғылыми, көркем және оқулық әдебиет, әдебиеттің арнаулы түрлері және басқа басылымдар енгізіледі)
	2383	Өзге негізгі құралдар (жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар, сахналық қойылым құралдары, жұмыс малдары - жылқылар, өгіздер, түйелер, есектер және басқа да жұмыс малдары, көшелердегі, алаңдардағы, парктердегі, бақтардағы, саябақтардағы, ұйымдардың аумағындағы, тұрғын үй аулаларындағы көгалдандыру және көріктендіру өсімдіктері есепке алынады)

Шот	Қосалқы шот	Шоттар атауы
2390		Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы (негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануына резерв сомасын есепке алу үшін арналған)
	2391	Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы (мұнда негізгі құралдардың жинақталған амортизация сомасы есепке алынады)
	2392	Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв (мұнда негізгі құралдардың құнсыздануына резерв құру мен оның қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады)



- Негізгі құрал объектісінің құны:
- осы объектіге байланысты мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайда мен әлеуеті бар қызметтің түсуіне ықтималдық болғанда, іс жүзіндегі шығындарды намеси объектінің әділ құнын сенімді өлшеу мүмкін болса, актив деп танылуы мүмкін.

- Негізгі құрал түскен кезде мемлекеттік мекеме активті иеленуде қандай шамада пайда мен тәуекел болатынын бағалайды. Бұл ретте:
  - егер активті иеленуден тәуекел мен пайда алу көбірек болса, мемлекеттік мекеме активті мойындайды;
  - егер активті иеленуден тәуекел мен пайда алу аз болса, мемлекеттік мекеме активтің түсуін мойындамайды;
  - егер активті иеленуден пайда мен тәуекел алу аз болса, мемлекеттік мекеменің актив үстінен бақылау дәрежесі бағаланады;
  - егер мемлекеттік мекемеде бақылау құқығы туындаса, мемлекеттік мекеме активті таниды;
  - егер бақылау құқығы беруші тарапта қалса, мемлекеттік мекеме активті сатып алуды мойындамайды.

- Егер мемлекеттік мекеме активті иеленуден пайдалар алса, бірақ активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер тапсырушы тарапта қалса, актив тапсырушы тараптың есебінде қала береді.
- Меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеу қажет болған жағдайларда шарттағы талаптарға көңіл аудару қажет, атап айтқанда:
  - егер шарт талаптары бойынша активті иеленуден пайдалар мен тәуекелдер актіге қол қойған сәтте сатып алушыға ауысса, онда бұл жағдайда активтің шығып қалуы активті акті бойынша беру күніне көрсетіледі;
  - егер шарт талаптары бойынша активке иелік етуге байланысты тәуекелдер меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеген сәтке дейін беруші тарапта қалса, онда бұл жағдайда активті есептен шығару тіркеу күніне көрсетіледі.

# НҚ бюджеттік қаржыландыру есебінен сатып алу және қолданысқа қосу

Бюджеттен күрделі салымдар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды алу	1082 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1092 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6020 Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер
НҚ сатып алу	2310-2380 Негізгі құралдар	3210 Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
Жеткізуші мен мердігердің шотына ақы төлеу	3210 Жеткізушілер мен өнім берушілер алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1082 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1091 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1092 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар

<p>Алдын–ала аванс төленген болса, соның есебінен міндеттемелердің өтелуі</p>	<p>3210 Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек</p>	<p>1410 Берілген қысқа мерзімді аванстар</p>
<p>Қайтадан тұрғызылған ғимараттарды, құрылыстарды және ауыспалы қондырғыларды намеси ғимараттар мен үй-жайларды қайта құру жөніндегі жұмыстарды пайдалануға қабылдау</p>	<p>2320-2380 Негізгі құралдар</p>	<p>2411 Аяқталмаған құрылыс</p>

# Мемлекеттік мекемелер мен басқа да ұйымдардан НҚ өтеусіз алу

НҚ баланстық құнын кіріс есебіне алу	2310-2380 Негізгі құралдар	6330 Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер
Бір уақытта қабылданған НҚ жинақталған амортизациясына екінші жазу беріледі	2320-2380 Негізгі құралдар	2391 Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы
Түгендеу кезінде артық шыққан материалдар мен тамақ өнімдерін есепке алу	2310-2380 Негізгі құралдар	6360 Өзге кірістер

# Демеушілік пен қайырымдылық көмек есебінен НҚ сатып алу

Демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен ақша қаражатының түсуі	1041 Қайырымдылық көмек ҚБШ	6050 Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер
Жеткізушілерден НҚ түсуі	2310-2380 Негізгі құралдар	3210 Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
Демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен алынатын ақшалай қаражат есебінен жеткізушілердің алдындағы берешекті өтеу	3210 Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1041 Қайырымдылық көмек ҚБШ

## 3 НҚ есептен шығару

<p>Ағымдағы уақытта пайдаланылмайтын өткен кезеңдерде бюджет есебінен сатылып алынған ұзақ мерзімді активтердің артығын сату және бюджетке тиесілі сомаға міндеттемелерді есепке алуға бір уақытта екінші жазба жүргізіледі</p>	<p>1231 Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі</p>	<p>6320 Ұзақ мерзімді активтердің шығуынан алынатын кірістер</p>
<p>Шығындалған ұзақ мерзімді активтердің баланстық құнын есептен шығару</p>	<p>7120 Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар</p>	<p>3131 Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек</p>
<p>Шығындалған ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептен шығару</p>	<p>7420 Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар</p>	<p>2310-2380 Негізгі құралдар</p>
<p>Өткен кезеңдерде құнсыздануға резерв жасалған болса, онда шығындалған ұзақ мерзімді активтерге қатысты сомасы есептен шығарылады</p>	<p>2391 Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы</p>	<p>2310-2380 Негізгі құралдар</p>
<p>Өткен кезеңдерде құнсыздануға резерв жасалған болса, онда шығындалған ұзақ мерзімді активтерге қатысты сомасы есептен шығарылады</p>	<p>2392 Негізгі құралдардың құнсыздануына резерв</p>	<p>2310-2380 Негізгі құралдар</p>



# НҚ есептен шығару

Пайдаланылмайтын ұзақ мерзімді активтердің артығын сатудан ақшаның түсуі және соның есебінен бюджет алдындағы міндеттемелерді өтеу	1010 Кассадағы ақша қаражаты 1042 Ақылы қызметтер ҚБШ	1231 Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
	3131 Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1010 Кассадағы ақша қаражаты 1042 Ақылы қызметтер ҚБШ
Бюджет алдындағы міндеттемелерді пайдаланылмайтын ұзақ мерзімді активтердің артығын сату есебінен өтеу	3131 Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1231 Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

# НҚ амортизациясы

- **Амортизация төмендегі мынадай негізгі құралдардың объектілеріне есептелмейді:**
- жерге;
- мәдени мұра активтеріне;
- жабдыққа, экспонаттарға, үлгілерге, әрекет етуші және әрекет етпейтін модельдерге, макеттерге және кабинеттер мен зертханалардағы және оқыту және ғылыми мақсаттар үшін пайдаланылатын басқа да көрнекі құралдарға;
- жұмысшы малға, буйволдарға, өгіздерге, ауылшаруашылық қызметке байланысты емес, пайдалану жасына жетпеген көп жылдық екпелерге;
- жануарлар әлемінің экспонаттарына (зообақтар және басқа ұқсас мемлекеттік мекемелерде);
- кітапханалық қорларға, киноқорға, сахналық-қойылым құралдарына, мұражайлық және көркем құндылықтарға;
- қару-жараққа (арттехқаруландыруға) және әскери техникаға;
- консервациялауға ауыстырылған активтерге.

- Негізгі құралдың амортизациясын мемлекеттік мекеме ол пайдалану үшін қол жетімді болған, орынында болған және тікелей нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды болған кезде есептейді.
- Негізгі құралдардың амортизациясы ай сайын есептеледі.
- Сатып алынған негізгі құралдардың амортизациясын есептеу айдан кейінгі айдың 1-і күнінен бастап жүргізіледі.

- Шығып қалған негізгі құралдардың амортизациясын есептеу негізгі құралдар объектілерінің шығып қалған айынан кейінгі айдың 1-нен тоқтатылады.

- Әр кезеңге амортизациялық есептеулер егер олар басқа активтің баланстық құнына кірмесе, сол кезеңдердің шығыстарында танылады.
- Негізгі құралдардың құнынан 100% асырып амортизация есептеу жүргізілмейді.
- Әрі қарай қолдануға жарамды, негізгі құралдар объектісі құнының 100% мөлшерінде жинақталған амортизация тозу себебіне байланысты есептен шығару үшін негіз болып табылмайды.

- Активтің амортизациялық құнын жүйелі бөлу үшін оның пайдалы қолданылу мерзімі ішінде амортизацияны есептеудің түрлі әдістері қолданылады:
  - тозуды есептеудің біркелкі әдісі;
  - азаятын қалдық әдісі;
  - өнім бірлігінің әдісі.

- Тозуды біркелкі есептеу әдісі активті пайдалы қолдану мерзімінің ішінде тұрақты аударымдарға әкеледі.
- Азаятын қалдық әдісі активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде аударымдардың азаюына әкеледі.
- Өнім бірлігінің әдісі күтілетін қолдануға намеси алған өнімнің санына негізделген есептеулерге әкеледі.

- Тозуды біркелкі есептеу әдісін қолдану кезінде негізгі құралдардың амортизациясын есептеу мынадай тәсілдермен:
- 1) амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып;
- 2) пайдалы қолданудың белгілі бір мерзімін пайдалана отырып жүргізіледі.



- Амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып негізгі құралдар объектілерінің амортизация сомасы негізгі құралдардың бастапқы құнын (қайта есептелгендер үшін – қайта бағаланған құнын) мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтер бойынша тозудың бекітілген жылдық нормаларына сүйене отырып анықталған ай сайынғы амортизация нормасына көбейту жолымен анықталады.
- Мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтер бойынша жылдық тозу нормаларында көзделмеген негізгі құралдар бойынша тозуды есептеу осыған ұқсас негізгі құралдарға (активтерге) тозу нормалары бойынша жүргізген жөн.

- Негізгі құралдар объектілерін амортизациялау әдісі есеп саясатымен анықталады және кезеңнен кезеңге қолданылады.
- Негізгі құралдар амортизациясын есептеу кезінде:
- Дт 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар"
- Кт 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы"

# Мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша жылдық тозу нормалары

Ұзақ мерзімді активтердің түрлері мен топтары	Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шотының/қосалқы шотының нөмірі	Жылдық тозу нормасы (бастапқы құнына %-да)
1. Ғимараттар	2320	
Тұрғын емес ғимараттар	2321	7
Тұрғын ғимараттар	2322	2
2. Құрылыстар (су тартқыштар, стадиондар, бассейндер, жолдар, көпірлер, ескерткіштер, саябақтар, скверлер, қоғамдық бақтар қоршаулары, бұрғы скважиналары, шольнялар және басқалар	2330	7
3. Беру қондырғылары	2340	
Электр беру және байланыс қондырғылары	2340	4
Трансмиссиялар және құбыр өткізгіштері	2340	5
4. Көлік құралдары	2350	
Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы	2350	15
Су көлігі	2350	15
Автомобиль көлігі	2350	15
Өуе көлігі	2350	15
Ат көлігі	2350	15
Өндірістік көлік	2350	20
Спорттық көлік	2350	23

5. Машиналар және жабдық	2360	
Күш машиналары және	2360	10
Жұмыс машиналары және жабдық	2360	12
Өлшеу аспаптары	2360	20
Реттеуші аспаптар және қондырғылар	2360	20
Лабораториялық жабдық	2360	10
Компьютерлік жабдық	2360	25
Медициналық жабдық	2360	10
Кеңсе жабдығы	2360	10
Өзге де машиналар және жабдық	2360	15

6. Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал	2370	
Құралдар	2370	30
Өндірістік мүкәммал және керек-жарақтар	2370	10
Шаруашылық мүкәммал	2370	15
Өзге де өндірістік және шаруашылық мүкәммал	2370	10
7. Өзге де негізгі құралдар	2380	
Көгалдандыратын, сәндік отырғызулар және басқа да жасанды көп жылдық отырғызулар	2383	8
Жерлерді жақсарту бойынша күрделі шығындар	2383	12
Өзге де мүкәммал	2383	25
Жұмыс орындайтын мал	2383	12
Өзге де негізгі құралдар	2383	25

# НҚ түгендеу

- **ММ НҚ түгендеудің ерекшеліктерін көрсете отырып семинар сабағына дайындалу**